

9 – сынып. 1 – сабақ.

Оқиға және оның түрлері.

№1. "9-сынып оқушылары арасынан кездейсоқ таңдап алынған оқушы:

1) ер бала"; 2) жасы 14-ке тең"; 3) жасы 14 айға тең"; 4) 5 жастан үлкен" оқиғасы қандай оқиға (мүмкін емес, ақиқат немесе кездейсоқ) болады?

Жауабы: 1) кездейсоқ; 2) кездейсоқ; 3) мүмкін емес; 4) ақиқат

№2. "Бүгін қалада барометр қалыпты атмосфералық қысымды көрсетіп тұр және

1) шәйнектегі су $t = 70^{\circ}\text{C}$ температурасында кайнады"
2) температура -9°C -қа төмендегенде шалшықтағы су қатты" оқиғасы қандай оқиға (мүмкін емес, ақиқат немесе кездейсоқ) болады?

Жауабы: 1) мүмкін емес; 2) ақиқат

№3. "Үшбұрыштың қабырларының ұзындықтары өлшенді. Сонда әр қабырғасының ұзындығы қалған екі қабырғаның ұзындықтарының қосындысының мәнінен кем болып шықты" оқиғасы қандай оқиға (мүмкін емес, ақиқат немесе кездейсоқ) болады?

Жауабы: ақиқат

№4. Екі ойын сүйегі лақтырылғанда:

1) "біріншісінде 2 цифры, екіншісінде 5 цифры түсті";
2) "екі ойын сүйегінде түскен ұпайлар санының қосындысы 1-ге тең";
3) "екі ойын сүйегінде түскен ұпайлар санының қосындысы 13-ке тең";
4) "екі ойын сүйегінде түскен ұпайлар санының қосындысы 14-тен кем" оқиғасы (мүмкін емес, ақиқат немесе кездейсоқ) қандай оқиға болады?

Жауабы: 1) кездейсоқ; 2) мүмкін емес; 3) мүмкін емес; 4) ақиқат

№5. Қазақ тілі оқулығының кездейсоқ бір беті ашылады және сол жақ бетінде екінші сөз алынады. Алынған сөз:

1) "Ә" немесе "Ң": 2) "ь" әрпімен басталады оқиғасы қандай оқиға (мүмкін емес, ақиқат немесе кездейсоқ) болады?

Жауабы: 1) кездейсоқ; 2) мүмкін емес

№6. Өзара қарама – қарсы оқиғаларға мысалдар келтіріңіз.

№7. Берілген оқиға элементар оқиға бола ма? Егер болмаса, онда оны жай оқиғаларға жіктеңіздер:

- 1) А оқиғасы - кездейсоқ құрастырылған квадрат тендеудің нақты түбірлері бар;
- 2) В оқиғасы - квадрат тендеудің дискриминанты теріс сан.

Жауабы: 1) бола алмайды; 2) бола алмайды

№8. А оқиғасы – кездейсоқ алынған $y = f(x)$ функциясы R жиынында бірсарынды өседі; В оқиғасы - $f(56) < f(57)$. Берілген А және В оқиғалары тең мүмкіндікті оқиғалар бола ма?

№9.

- 1) Бір тиынды лақтыру;
- 2) ойын сүйегін лақтыру;
- 3) екі тиынды лақтыру нәтижесінде орындалатын барлық мүмкін болатын оқиғаларды атаңыздар.

№10. Берілген оқиғаға қарама-қарсы оқиғаны атаңыз:

- 1) менің парталасымның есімі Әлібек те емес, Азамат та емес;
- 2) сайлауға бару 82%-дан 93%-ға дейін артты;

Жауабы: 1) Әлібек н/е Азамат; 2) 82%-тен - 93%-ке артпады;

№11. Берілген оқиғаға қарама-қарсы оқиғаны атаңыз:

- 1) тиын лақтыру барысында сан жағымен түсті;
- 2) ойын сүйегін лақтырғанда 4 цифры түсті;
- 3) 3 ақ және 6 қызыл шар жатқан жәшіктен кездейсоқ алынған шардың түсі қызыл болды;
- 4) ойын сүйегін лақтырғанда 4 ұпайынан кем ұпай түсті;
- 5) кездейсоқ аталған сан 7 санынан кем;
- 6) 5 рет ату барысында ең болмағанда біреуі нысанаға тиді.

Жауабы: 1) елтаңба; 2) 4 – тен өзге цифр; 3) ақ болды; 4) 4 ұпайынан кем емес; 5) 4 санынан кем емес; 6) мүлдем тимеді

№12. Ойын сүйегін лақтыру барысында тақ ұпай саны түсті. Осы оқиға элементар оқиға бола ма? Осы оқиғаны жай оқиғаларға жіктеңіз.

Жауабы: жоқ, болмайды. 1, 3, 5

№13. А оқиғасы – ойын сүйегін лақтырғанда 2 цифры түсті,

В оқиғасы – ойын сүйегін лақтырғанда 4 цифры түсті,
С оқиғасы – ойын сүйегін лақтырғанда 6 цифры түсті,
D оқиғасы – тиынды лақтырғанда сан жағымен түсті,
Е – оқиғасы – тиынды лақтырғанда «елтаңба» жағымен түсті. Осы оқиғалар арасынан теңмүмкіндікті оқиғаларды атаңыз.

maxmath.kz